

Құрақ батыр және ұрпақтары

Қасиетті өлке – Қызылорда облысының Сырдария ауданы – елдің елдігін сақтап қалуда ерен ерлік үлгісін көрсеткен хас батырлар мен от ауызды, орақ тілді атақты билер, аттары аңызға айналған арқалы ақындар шыққан тарихи да шежірелі өңір. Сол асылдардың бірі 1810-1882 жылдар аралығында өмір сүрген, Алаштың ардақты азаматы батыр әрі би Құрақ Азатұлы. Тегі – Кіші жүз Алшын-Байұлы-Жаппас-Жылкелді аталығынан. Жаппастың ұраны – Баймұрат.

Құрақ батыр Жылкелді бабасынан былай таратылады: Жылкелді, одан Сары, Қонақбай, Тоқай, Ешмұрат(Есмұрат) туады, Ешмұраттан Құрбан (Құрман), Қасқа туады. Құрбаннан (Құрман) Әлібек. Қасқадан Өтетілеу, Қарабатыр, Алыбай, Марша туады. Әлібектен Азат, Азаттан Құрақ батыр, Қасым туады.

Құрақ батыр қазіргі Қызылорда облысының Сырдария ауданы мен Қостанай өңірінде өмір сүрген.

Батырдың бейіті қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Инкәрдария мен Ақарық ауылдарының ортасында, бұрынғы Қарақасқа жеріндегі Қарарықтың басында жатыр. Күмбезі құлап кеткен.



Құрақ батырдың бейіті

Құрақ батырдың әкесі Азат баба елге сыйлы кісі болған. Азат бабаның бейіті – қазіргі Қызылорда қаласының манайындағы Абай ауылының Опыт деген жерінде, Сүлеймен ишан құмының төмен жағында.

1967 жылы совет үкіметі бұл жерді күрішке жоспар жасаймыз деп, осы жерде жатқан бүкіл қазақтың көне қорымын бұздырып жіберген. Ол заманда Совет үкіметіне сіздікі дұрыс емес деп айтатын халықта құдірет болмаған ғой. Азат бабамыздың зайыбы 1780-1841 жылдар аралығында өмір сүрген Керей Құрманұлы Марал ишанның жақыны Әкім Үкім деген кісілердің апасы екен. Марал ишан Құрақ батырмен нағашы жиен болып жақсы қатынаста болған. Марал ишанның анасы да Сыр бойының қызы болған, сондықтан болуы керек Марал ишан Қостанай өңірінде қайтыс болар алдында, өзін Сыр еліне, анасының қасына жерленуін сұрағанын.

Құрақ батыр Сыр бойының белгілі батыры болған. Бұл кісі Қоқан хандығының озбырлығына қарсы шыққан. Құрақ батырдың бет әлпетіне келсек төртбақ денелі, жауырынды, қайратты кісі болған. (Кезінде Құрақ батырдың келіні Дина анамыз қайтыс болғанда, атасы немерелері Ыбырай мен Досжанды қолына алады, атасының көзін көрген Ыбырай ақсақал баласы Самұратқа Құрақ батырдың бет әлпетін, қандай адам болғанын айтып кеткен екен. Құрақ батырдың ер тұлғасын біз осылай біліп отырмыз).

1819 жылы Құрақтың нағашысы Керей Әкім Үкім Құрақтың болмысына қарап, азамат шығатынын сезіп, 9 жасында алып өзі тәрбиелейді. 1825 жылы Бұқар жақтан қоқандықтардың бір қолы келе жатқан жөнінде хабар келеді. Бұл кезде Құрақ 15 жаста екен. Қоқандықтардың алдында атақты бір палуаны 40 құлаш арқан сауытын байлап шығады. Сонда әкім Үкім жиенін бір сынайын деп Құрақты шығарады. Алып денелі Қоқанның батырын көріп Әкім Үкім: «Әй, өзім шығуым керек еді. Мына баланын омыртқасы әлі қатпаған ғой, бекер шығардым, енді мен апама не деймін», - деп толғанып қалады. Құрақ жекпе-жекке шығысымен қоқандықпен айқасып кетеді. Бір кезде Құрақ батыр Қоқанның батырын найзамен түйреп өлтіріп, аттан құлатып жібереді. Қарап тұрған қоқандықтар қашып кетеді. Осыдан кейін Құрақ батырдың аты қазақ еліне тарай бастайды.

XIX ғасыр жаугершілік заман ғой. Сыр бойында 19 ғасырдың бірінші жартысында баяғы 1771 жылы қазақ даласынан қуылған қалмақтардың кейбір ауылдары қалған көрінеді. Сол Сыр бойындағы қалмақтарға Құрақ батыр жорыққа аттанады. Осы кезде Жаппастардың ауылын қарақалпақтар шабады. Құрақ батыр еліне жеңіспен оралып, ауылын қарақалпақтар шапқанын есітіп, дереу қасындағы батыр серігімен екеуі қарақалпақтардың соңынан кетеді. Өкінішке қарай Құрақ батырдың қасындағы батырдың есімі ұмытылып қалған. Екі батыр келе жатса алдынан бір үйір ат көреді, аттың ішінен Құрақ бабамыз моншағы бар атты көріп қалады. Құрақ атты ұстап алып мінеді. Сөйтсе, ат жорғақ екен. Бір кезде қарақалпақтармен кездесіп шайқасып кетеді. Құрақ батыр қолға түседі. Сонымен бұл кісіні қарақалпақтар ұстап алып, 4 саусағының буынын кеседі. Осыдан бастап Құрақ батыр Шолақ атанады. Сосын

Құрақтың ішін тіледі, тақымын кеседі де құмға көміп кетеді. Бірақ қасындағы серігі жылқыны бермей қашып кетеді. Бұл оқиға бір көлдің маңайында болған. Құрақтың серігі камыстан белгі орнатып, сол жерде күтіп тұрады. Бір уақытта Құрақ есін жияды, қараса жанында көл бар екен. Сол суға жетеді, суға жеткесін салбыраған ішегін жуып, ішіне тығады, сыймаған іш майын жұтады. Көлдің жиегінде үй бар екен. Сол үйден жолаушы серігі шығады. Құрақ оған мән-жайды айтып, еліне хабар жібереді. Елінен адамдар келіп, Құрақтың үстінен үй тігеді. Келген кісілердің ішінде бір емші кемпір болады. Сол кемпір жібек жіппен Құрақ батырдың ішін тігеді. Қасапшыны шақырып алып, саусағын қайта шаптырады, сосын қайнаған майға қолын салып емдеген екен. Осыдан кейін Құрақ батыр айтып жүрген екен: «32 күнде атқа міндім» деп. Емделіп болғаннан соң Құрақ батыр марқұм болып кеткен шешесіне 3 рет ас береді. Онысы анасына рахметі еді, нәресте кезінде анасы тұзға көп жуғаны үшін Құрақтың жараланған денесі ірімей, шірімей тез жазылып кеткен еді.

Құрақ батырдың аты Қоқанның бектеріне де жетеді. Бір уақыттары Қоқанның бегі Сыр бойының 10 шақты қазақтың батырын шақырады. Бектің шақыруына Жылкелді Жаппас Құрақ батыр, Баймұрат Жаппас Игібай батыр және т.б. Сыр бойының батырлары барады. Өкінішке қарай қалған 8 батырдың есімі ұмытылып қалған. Қайран есіл ерлер десеңізші. Батырлар бара жатқанда ойланады: «Бізді бек бекер шақырған жоқ, у беріп өлтіруі мүмкін?» деп тұжырымдайды. Құрақ батыр: «Барғанда бектің тағамын ішпендер», - дейді. Батырлар Бектің ордасына келеді. Бір кезде оларға өзбектің шалап деген тағамын береді. Сонда Жаппас Игібай батыр: «Ішіп көрейін», - деп, ұртайды да заматында өледі. Қасында отырған Құрақ батыр: «Ішпе!» - деп Игібай батырдың қолынан қағып жібереді (Кейін Құрақ батыр айтып жүреді: - «уланған Игібай батырдың қолынан қағып жіберген қолым 3 жыл тулап жүрді, Игібай қатты уланған еді», - деп). Игібай батыр құлағаннан кейін, Құрақ батыр қоқандықтармен ұрыса кетті. Қазақтың батырлары қоқандықтардың біреуін де қалдырмай қырып жіберген. Сыр бойының батырлары бұл жиынға жалғыз бармаған, әр батырдың қасында жігіттері бар еді. Енді Құрақ батырдың серігі Игібай батыр жөнінде сөз қозғайық.

Игібай батыр – Сыр елінің азаттығы үшін Қоқан хандығының озбырлығына қарсы шыққан айтулы ер.

Игібай батыр қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы жерінде 19 ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген.

Игібай батырдың тегі – Кіші жүз-Алшын-Байұлы-Жаппас-Баймұрат аталығынан.

Батырдың бейіті белгісіз болып отыр. Қазіргі уақытта Жаппас Игібай батырдың ұрпақтары: Ысқақовтар әулеті Қайрат, Талғат – қазіргі

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Нағи Ілиясов атындағы ауылда тұрып жатыр.

Бір кездері Құрақ батыр нағашысы Марал ишанның немересі, Қалқай ишанның баласы Алдажар ишанға: «Маған арнап, өлең шығар» деген екен. Өйткені нағашысы Алдажар ишан, әрі ақын болған адам. Сонда Алдажар ишан: «Ой тентек, сен шауып тастайсың», - десе, Құрақ батыр: «Жоқ, тимеймін!» - дейді. Алдажар өленін бастайды:

«Жаппастың Құрағысың,
әкім Үкімнің шырағысын!

Найзанды шоқтайсың.

Көрінгенді боқтайсың,

Сен құдайдан қорықпайсың!» - деп. Сонда Құрақ батыр ашуланып: «Уай!» дегенде, Алдажар ишан селкете қалып: «Уәде қайда?» деген екен. Онысы маған тиіспе, саған тиіспеймін деп уәделесіп едің ғой дегені еді.

Құрақ батыр әділ, сөз айтқыш кісі болған. Бір күні елде жер таласы болады. Құрақтың шешіміне риза болмаған ел, уезд көмекшісі Жаппас Өткелбай биге барады. Би жердің басына барады. Құрақ батыр биге: «Өткел, Өткел дегенше, жардан құлап өлсейші!» - дейді. Сонда Өткелбай би: «Құреке! Жалғыз емес пе едім?» - деген екен. Құрақ жерін өзіне қалдырады. Сол заманда Жаппастың Мойнақ аталығынан шыққан Тайпы деген мұраб болыпты. Сол кісі ауылға суды кезекпен жібереді екен. Бір кезде бір кісі мұраб Тайпыға ешкі беріп, кезексіз су алады. Бұл жағдайды естіп Құрақ бабамыз мұрабқа барады. Тайпы мұраб Құрақтың ағасы болған. Сондықтан Құрақ батыр ағасына тіл тигізбей ешкінің құйрығынан ұстап алып, оны сабайды да айтады:

«Ағамды құдай жолынан тайдырған!

Сен антұрған!» деген де, Тайпы мұраб: «Қой, қой!» деп күнәсін мойындаған екен. Құрақ батыр шарифат бойынша зайыбын ұрады екен. Ал егер біреу жақтасса оны да ұрады. Бір күні Құрақ батыр бір ағайын ағасы әйелін ұрып жатқанын көріп қалады. Сонда батыр бабамыз ағасының қолынан қамшыны алып: «Ағасының қолының ауырмалығын алмайтын адам болама!» деп женгесін қамшымен салып қалады. Женгесі: «Ойбай!» деп тура қашады. Бір күні қазіргі Нағи Ілиясов атындағы ауылдан 8 шақырым жерде Достың көлі жиегінде Жаппас Дос деген кісінің үйінде бір жиын болады. Сол жиынға Табын Бұқарбай батыр (1812-1898) жігіттерімен барады. Сонда үйдің сыртында тұрып Бұқарбай батыр Достың үйінде Құрақ батырдың отырғанын көріп қалады. Сосын қасындағы жігіттеріне: «Бұл үйде құдай атқан Шолақ отыр екен, менен басқа ешкім сөйлемендер» деген көрінеді. Сырдария ауданында Құрақтың шоқысы деген жер бар. Бұл төбе – Теренөзек қыстағынан бері қарай 5 шақырым жерде, Сырдария өзенінің ағысының сол жағында орналасқан. Кеңес үкіметі кезінде Құрақтың шоқысын бұздырған, және онда үйлер салдырған. Негізі Жаппас елінің жері Өткелбай жерінен бастап

Тереңөзекке, Мақтұм Сейіт әулиенің мазарына дейін болған. Бір күні Құрақтың шоқысын дарияның суы алады, сонда Құрақ батыр Іңкәрдария жаққа Қарақасқа деген жерге, құдалары Жаппас Бегалының «Бес қасқыры» атанып кеткен балаларының екеуіне, яғни Қошқар мен Бойдаққа барады. Құрақ батыр ол кісілерге қыздарын берген екен. Бабамыз осы жерде қоныстанады. Құрақ батыр бай болмаған, орташа тұрмыста болған. Ол кісінің үйінде 32 кілем болған, оның екеуі жібек кілем болған. Шаруашылығында 400 сиыры, 2 үйір жылқысы болған. Құрақ батырдың көші салтанатты болады екен. Сондықтан Жаппастың көшіне бөтен көшті, Құрақ батыр: «Сәнің бұзады», - деп, кіргізбейтің көрінеді.

Құрақ батыр – Ислам дінін берік ұстаған кісі. Елінде батырды құрметтеп, әулие санаған. Құрақ батыр өз қаражатынан мешіттерге көмек беріп тұрған. Мысалы Жаппас Қаракүшік палуанның ұрпақтары Алшынбайдың мешітіне, Қызылорда қаласындағы Айтбай мешітіне қаражат берген. Құрақ батыр жайлы мынадай бір оқиға бар. Бір күні Қарарық аулының тұсынан Бұқарадан оқуын бітіріп келе жатқан екі діндар, оқымысты жігітті біреулер өлтіріп кетеді. Жергілікті халық бұл жігіттердің кімдер екенін, қай рудың тумасы екенін білмесе де арулап жерлейді. Құрақ батыр екі оқымысты жігіттің іздеушілерін 3 жыл күтеді. Сосын іздеушілері келмеген соң өзі шейіт болған екі жігітке белгі орнатады. Уақыт өтеді. Құрақ батыр науқастанып, өлер алдында, жақындарын жинап айтады: «Мына 2 бала белгісіз қалды, сондықтан мені сол екі оқымысты баланың қасына жерлеңдер. Маған келген адамдар оларғада құран оқып кететін болады», - деп өсиет қалдырған екен. Сөйтіп есіл ер, ата-бабаларының қасына жатпай, далада жалғыз қалған, шейіт болып кеткен, екі белгісіз оқымысты жастың қасына жерленеді.

Құрақ батыр «кесірлік – бір сыбаға» деп айтып жарлы-жақабайларға көмек көрсетіп отырады екен.

Құрақ батыр 72 жасында қайтыс болады. Құрақ батырдың ұрпақтары, атақты бабасының бейітің табалмай қалады. Құрақ батырдың бейітің 1936 ж.т. Ақарық ауылының тұрғыны, Ибрагим деген кісі біледі екен. Кезінде Ибрагим ақсақалдың атасы баласына, яғни Ибрагимнің әкесіне: «Балам, мынау Құрақ батыр, әулие адам болған, бұл кісі сұраусыз қалмайды, кейін ұрпақтары іздеп келсе бейітің көрсетесін», - деп айтып кетеді. 1948 жылы Ибрагим ақсақалдың әкесі 12 жасар Ибрагимге атасының өсиетін айтып, аманат етеді. 2005 жылы Ибрагим ақсақал Құрақ батырдың ұрпақтарын Ыбырайқызы Аймажан апайды бала-шағасымен, Мүлкілән бабаның шырақшысы Жаппас Қаракүшік палуанның ұрпағы Бекен ақсақалды батыр бабаларының басына апарды. Ибрагим ақсақалдың өзі кезінде Құрақ батырдың немересі Досжан күйшінің көзін көрген, күйін тындаған кісі екен.

Құрақ бабамыздың зайыбының есімі Айнабике, тегі – Ұлы жүз, қай атасы екені ұмытылып қалған.

Құрақ батырдың 1847-1919 жылдар аралығында өмір сүрген баласы Наурызбай батыр және оқымысты діндар Ібжар деген баласы болған. Наурызбай батыр қазіргі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы мен Қостанай облысында өмір сүрген. Наурызбай батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда облысының солтүстік бетінде, Қырдан Сыр бойына көшіп келе жатқанында, нақты айтатын болсақ Қараөзектің бойында Қызылжыңғыл елді мекен Құрманай Жаппастардың отырған жерінен өтіп бара жатқанда, әкесі сияқты 72 жасында қайтыс болған.

Наурызбай батыр жөнінде елде әңгіме көп болған, бірақ қазіргі уақытта білетін кісілердің барлығы өмірден өтіп кеткен. Наурызбай батырдың баласы Ыбырай ақсақал айтып кеткен екен, 1847 жылы қырғыздардың қолынан ерлікпен қаза болған төре Қасым сұлтанның баласы Наурызбай батырдың рухына, осы жылы дүниеге келіп жатқан баласының атын, сол кісінің есімімен Наурызбай қойған.

Наурызбай батыр бет-әлпеті сары, өте ірі кісі болған. Наурызбай батыр қартайған шағында көзіне бір сүйел шыға беріпті, сонда батыр бабамыз оны қылмен қырқып жіберіпті, содан көзі көрмей қалыпты. Сондықтан немерелері ол кісіні далаға қолын ұстап шығарады екен. Кейін немересі Ұлтай Ыбырайқызы бала кезінде атасы Наурызбай батырдың көзін көргенін, ол кісіні талай қолынан ұстап далаға шығарғанын айтып кеткен.

Наурызбай батырдың зайыбы Дина анамыз, тегі – Ұлы жүз, қай атасы екені ұмытылып қалған. Наурызбай батырдан Ыбырай емші (1870-1954), қызы Жібек (1872- 1919), Сыр еліне әйгілі Досжан күйші (1878-1944) туады. Ыбырай әкеміздің зайыбы Сәтпайқызы Дәмелі (1904-1985), тегі – Еламан Жаппас. Ыбырай атамыз әкесіне құсап өте ірі болған, отырғанда бойы 12 жасар баладай болған екен. Совет үкіметі кезінде Құрақ батырдың ұрпағы Ыбырай емші қуғын-сүргінге ұшырап қудаланады, ұрпақтары аштық көреді. Бірақ ұрпақтары еш қиыншылыққа мойынсынбай, ата-баба атына кір келтірмей өсіп, өніп қазіргі уақытта бір қауым ел болып отыр.

Ыбырайдан Шәрбан қызы (1908/09-?), Ұлтай қызы (1912-1983), Алмат (1924- 1997), Самұрат 1929 ж.т., 1942 ж. т. Аймаржан апа, 1949 ж.т. Төремұрат, 1952 ж.т. Кенжебике туады.

Алмат ақсақал елінде белгілі кісі болған, ІІ дүниежүзілік соғысқа қатысқан, 3-дәрежелі Данқ орденін 2 рет алған, мектеп директоры болған. 1992 жылы Наурызбаев Алмат ақсақалдың үйінде қонақ болғанмын, сонда ол кісіні көргенмін, қазақи ғұрыптарды жақсы білетін, қарулы, ер тұлғалы кісі болатын. Батырдың ұрпағы екені көрініп тұратын. Алмат ақсақалдың үйінде ата-бабаларынан қалған құнды жәдігерлер сақталып тұрған.

Алматтан 1963 ж.т. Мамыржан, 1965 ж.т. Әміржан, 1967 ж.т. Сабыржан, 1970 ж.т. Бауыржан деген балалары бар.

Ыбырай емшінің екінші ұлы Самұрат ақсақал әке жолын құып өскен, елінде абыройлы азамат, кезінде совхоз директоры болған, қазір құрметті зейнетте. 2009 жылдың мамыр айында Ыбырайқызы Аймаржан апай, жолдасы Съезбек ағаймен, баласы Ғалымбектің авто көлігімен Құрақ батырдың шөбересі Самұрат ақсақалдың үйіне, әйгілі батыр бабасы жөнінде мағлұмат алайын деп арнайы барғанбыз. Самұрат ақсақалда бабалары сияқты ірі денелі, сары кісі екен.

Самұраттан 1958 ж.т. Бақытжан, 1960 ж.т. Ахметжан, 1964 ж.т. Мұрат, Марат (1967-2008) туылады.

Құрақ батырдың екінші ұлы діндар Ібжар бабамыздың ұлдары болмаған, қыздарынан жұрағат бар.

Құрақ батырдың немересі, Досжан күйші Сыр бойында өзінің ізін қалдырған ерекше өнер иесі болған. Досжаннан Әуез (1922-194?), одан ұрпақ жоқ. Досжан күйші шешесі Дина анамыз ерте қайтыс болғандықтан атасы Құрақ батырдың тәрбиесінде болады, сондықтан Наурызбайдың Досжаны емес, Құрақтың Досжаны атанып кеткен.

Наурызбай батырдың қызы Жібектен қыздары болған, енді қыздарының қыздары қазіргі Сырдария ауданының, Сәкен Сейфуллин атындағы ауылда тұрады.

Құрақ батырдың жалғыз інісі Қасымнан Бөрі, Оспан, Омартай, Дәуренбек, Көшербай туады. Бөріден ұрпақ жоқ. Оспаннан Сыздық, Әбу, Өтеген туады. Омартайдан ұрпақ жоқ. Өтегеннен Зейнулла, Қабдолла, Халел, Хабиболла туады. Бұл кісілер Құрақ батырдың ұрпақтарының етжақын ағайындары.



Құрақ батырдың найзасының ұшы, қалқаны, немересі Жібекке берілген кесеқабы



Құрақ батырдың найзасының ұшы

Қазіргі уақытта Құрақ батырдың жауына қарсы қолданған найзасының ұшы, қалқаны, немересі Жібекке ұзатылғанда берілген кесеқапы, Сырдария ауданы, Нағи Ілиясов атындағы ауылда тұратын Құрақ батырдың шөбересі марқұм Алмат ақсақалдың үйінде бабасынан қалған мұра ретінде сақталып келеді.

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері